

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК қызметінің
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Осы анықтама Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК қызметінің құрамындағы жұмыс тобы жүргізген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша жасалды:

1. Жұмыс тобының жетекшісі- Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комплаенс офицер **Ф.Т.Мустафин**
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-**Ж.Э.Садыкова**
3. Заңгер кеңесші-**Ж.Н.Айтимбетов**
4. Бөлім меңгерушісі-**А.Ж.Изтилеуова**

Ішкі талдау объектісінің толық атауы

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК

Ішкі талдау жүргізудің негізі:

Талдау "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағын іске асыру мақсатында және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі:

2022 жылдың 28 қарашасы мен 2022 жылдың 9 желтоқсан аралығы.

Ішкі талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер:

Колледж өз қызметін жүзеге асыратын негізгі заңнамалық актілер Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, ҚР Бюджеттік кодекстері, Қазақстан Республикасының "Ұлтық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы", Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. Білім туралы "Қазақстан Республикасының Заңы, "Мемлекеттік керсетілетін қызметтер туралы", Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 бұйрығымен, колледждің Жарғысымен және ішкі актілерімен (бұйрықтарымен) бекітілген "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары болып табылады.

Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі:

Персоналды басқару, оғың ішінде кадрлардың ауысуы бағыты бойынша

Колледж кадрларын іріктеу тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагогтер лауазымының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес регламенттелген.

2022 жылғы 28 қарашаға дейін штат саны- 320 бірлік, штаттан тыс саны-0 бірлік, нақты жұмыс істейтіндер- 209 қызметкер.

Тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар саны-13 қызметкер, бұл ретте:

1. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-0
2. мемлекеттік қызметшілерге теңестірілгендердің беделін түсіретін тәртіптік теріс қылықтар-0
3. Сотталғандар-0

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністері фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша

Жақын туыстары (ата-аналары), балалары, бала асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері (немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты мемлекеттік қызметшілерге теңестірілетін лауазымдарға орналасу фактілеріне шағым жасау болған жоқ.


Мемлекеттік қызметтерді көрсету:




Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде колледж:

- Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК-на қабылдау комиссиясына құжаттар қабылдайды
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ, қорғаншылық пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсынады.
- Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың төлнұсқаларын береді.
- Колледжде білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстырады және қайта қабылдайды
- Білім алушыларға академиялық демалыс береді
- Педагог қызметкерлердің аттестаттаудан өту үшін құжаттарды дайындайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілеріне, атап айтқанда "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына қатаң сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынымдар: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында жұмыс тобы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтай отырып, колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмысты жалғастыруы қажет.

Жұмыс тобының жетекшісі:  **Ф.Т.Мустафин**

Жұмыс тобының мүшелері:  **Ж.Э.Садыкова**
 **Ж.Н.Айтимбетов**
 **А.Ж.Изтилеуова**